

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әділет органдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 29 желтоқсандағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 25 ақпандағы N 36-ө Өкімі

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әділет органдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 29 желтоқсандағы Заңын (бұдан әрі - Заң) іске асыру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған қабылдануы Заңға негізделген нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі екі ай мерзімде:

1) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2005 жылғы 25 ақпандағы  
N 36-ө өкімімен

бекітілген

**Қабылдануы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әділет органдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 29 желтоқсандағы Заңына негізделген нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі**

Р/с	Нормативтік кесімнің атауы	құқықтық	Кесім нысаны	Ж а у а п т ы орындаушылар
1	2		3	4
1	Қылмыстық атқару жүйесінің туы мен нышанының сипаттамаларын туралы	бекіту	Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы	Әділетмині

2	Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының(мекемелерінің) қатардағы және басшы құрамдағы адамдары антының мәтінін бекіту туралы	Қазақстан Республика-с ы н ы ң Президенті Жарлығының жобасы	Әділетмині
3	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республика-сы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қаңтардағы N 31 қаулысының күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині, ПМ, Еңбекмині
4	Облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астана) қоғамдық қадағалау комиссияларын құру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері
5	Қылмыстық жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын атқаратын мекемелердің қызметіне жәрдемдесу жөніндегі, сондай-ақ қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі консультативтік-кеңесшілік орган туралы үлгі ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, Еңбекмині, ДСМ
6	Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының (мекемелерінің) қызметкерлеріне біржолғы өтемақы төлеу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині, ЭБЖМ, Еңбекмині
7	Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының (мекемелерінің) қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині
8	Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің қызметкерлеріне арналған жүктеме нормативтерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині, Э Б Ж М , Еңбекмині
9	Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының (мекемелерінің) қызметкерлеріне және олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесі органдарының (мекемелерінің) зейнеткерлеріне ішкі істер органдарының тиісті мемлекеттік	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	

	денсаулық сақтау мекемелерінде медициналық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы		Әділетмині, ІІМ, ДСМ
10	Қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету ережесі мен нормаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині
11	Қылмыстық-атқару жүйесі органдарына (мекемелеріне) алғаш рет қызметке келген адамдардың сынақ мерзімінен және тағлымдамадан өту ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	Әділетмині

## **Е с к е р т у**

Аббревиатуралардың толық жазылуы:  
 Әділетмині - Әділет министрлігі  
 Еңбекмині - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі  
 ІІМ - Ішкі істер министрлігі  
 ЭБЖМ - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі  
 ДСМ - Денсаулық сақтау министрлігі